КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 ақпан №4712-25-00-2/130 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Smart-2024» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу
3) Берешек сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Smart-2024» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Smart-2024» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 25 625 (жиырма бес мың алты жүз жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 024 744 (бір миллион жиырма төрт мың жеті жүз қырық төрт) теңге берешек сомасы, 33 477 (отыз үш мың төрт жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 04.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2025, судья Тленов А. Ш., 06.03.2025

4712-25-3-1/17